# ӘРТҮРЛІ. РАЗНОЕ.

## Адам және Заң

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТІ ЖАҢҒЫРТУ

***Президенттің тапсырмасы бойынша 2021 жылдан бастап полиция, прокуратура және сот арасында өкілеттіктерді нақты бөлуді көздейтін қылмыстық процесті реформалау жүргізілуде. Мемлекет басшысы өз Жолдауында қазақстандық үш буынды модель экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының үлгісі бойынша құрылуы тиіс екенін атап өтті.***

Бұл елдерде қылмыстық процестің мақсаты – сапалы және уақтылы сот төрелігі, әр орган өз міндеттерін орындайды. Атап айтқанда, полиция – қылмысты анықтау, жолын кесу, дәлелдемелерді жинау және бекіту, прокуратура – әрекетті саралау, негізгі іс жүргізу шешімдерін қабылдау және айыптау, сот-жаза тағайындау және тергеу органдары мен прокуратураның әрекеттеріне шағымдарды қарау. Бұл ведомстволық қызығушылықты жояды және қылмыстық процестің заңдылығын қамтамасыз етеді. 2021 жылы басталған және қылмыстық істер бойынша прокурордың негізгі іс жүргізу шешімдерін келісуден және бекітуден тұратын үш буынды модельді іске асырудың бірінші кезеңі азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуын барынша азайтуға мүмкіндік берді. Реформалар басталғанға дейін тергеуші мен анықтаушы қорытынды шешімдерді өз бетінше қабылдады және прокурорға тексеруге жіберді, жаңа модельге сәйкес олардың шешімдері бірқатар шешімдер бойынша прокурор келіскеннен және бекіткеннен кейін ғана заңды күшіне енеді. Бүгінгі таңда осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда, Сәтбаев қаласының прокуратурасымен 443 шешімнің 30 шешімі бойынша бекітуден бас тартты, қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары қорғалды, қадағалау актілері енгізілді. Ағымдағы жылдың басынан бастап екінші кезең іске асырылуда, оған сәйкес прокурорлар аса ауыр санаттағы қылмыстық істер бойынша қорытынды айыптау актілерін дайындайды, бұрын аталған құжаттарды тергеу органы дайындаған. Өткен кезеңде қала прокуратурасы аса ауыр санаттағы қылмыстар болып табылатын өлтіру және кәмелетке толмағандарды жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық істер бойынша 5 айыптау актісін дайындады, олар сотқа жолданды және мәні бойынша қаралды.

Айта кету керек, келесі жылдан бастап прокурорлар сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша, ал 2024 жылдан бастап барлық басқа санаттар бойынша айыптау актілерін жасайтын болады. Осылайша, қылмыстық процестің жаңа моделі қоғам мүдделері мен адам құқықтарын қорғау арасындағы қажетті теңгерімді сақтауға мүмкіндік береді, әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің негізі болып табылатын тежемелік әрі тепе-теңдіктің тиімді жүйесін жасайды.

**А.СМАГУЛОВ,**
**Сәтбаев қаласы прокурорының орынбасары.**

## Дәрігер кеңесі

# ҚАНТ ДИАБЕТІ

Ұйқы безі – асқазанның астынада, он екі елі ішектің сол жағына таман орналасқан, ас қорыту сөлін бөліп шығаратын аса маңызды ішкі секрециялық без. Ұйқы безі клеткалары өз ішінен В клеткалар, А клеткалар, С клеткалар және D клеткалар болып бөлінеді. Мұның ішінде В клетканың мөлшері ең көп болып шамамен 60 пайызын ұстайды. Ол қандағы қанттың мөлшерін текшейтін инсулинді бөліп шығарады. Әдетте астың құрамындағы түрлі элементтер бауырда қантқа айналғаннан кейін, жоғарыдағы клеткалар шығарған инсулин арқылы түгелдей энергияға айналады да ағзаларға жеткізіледі. Ал, ұйқы безіндегі В клеткалары зақымдалу себебінен немесе санының аздығынан, астың энергияға толық айнала алмауы себебінен ағзада қанттың үздіксіз артуы пайда болады.

Қант диабеті – ұйқы безінің бета-клеткаларының инсулинді аз мөлшерде шығаруымен, яғни ағзадағы инсулин гормонының жетіспеушілігіне байланысты қант алмасуының бұзылуымен сипатталады. Негізгі себептеріне ең алдымен дұрыс тамақтанбау, қантқа тез айналатын көмірտегі бар тағамдарды көп пайдалану, дене еңбегімен айналыспау жатады. Қант диабеті туа және жүре пайда болады. Бүгінгі таңда адамдар денсаулығына әсер етуші бірден-бір фактор – айналадағы ортаның ластануы, химиялық өндірістен тарайтын зиянды қышқылдардың кеңінен таралуы өзекті мәселеге айналып отырғанын да атап өту қажет. Қант диабеті жас талғамайды. Дегенмен, қарт адамдарда көбірек кездеседі. Ағзаны қоректендіретін қан тамырларының, әсіресе ұйқы безіне келетін тамырлардың қан жүргізу қабілетінің азаюынан туындайды. Қант диабеті кезінде бауырда, бұлшы еттерде глюкозадан гликогеннің түзілуі азаяды да, глюкоза бос күйінде сақталып қалады және глюкозаның пентоздық-фосфаттық жолмен тотығуы нашарлайды. Ал, нуклеин мен май қышқылдарының түзілуі үшін гликогенсинтетеза ферменттерінің белсенділігі қажет. Жиі шөлдеу және жиі зәр шығару, жиі ашығу, соған қарамастан салмақты тез жоғалту, қандағы қанттың жоғары болуы, үнемі шаршау немесе әлсіздікті сезіну, көз көруінің нашарлауы, бас айналу, аяқ-қолдарда ұйып-шаншу сезімінің үдеуі, жұқпалы аурулардың баяу емделуі, терінің қышуы, денеде әртүрлі жаралар көбейіп, баяу жазылуы қант диабетінің ерекше белгілері болып табылады. Сонымен бірге, диабет кезінде адамның есте сақтау қабілеті мен мидың басқа да қызметтері бұзылады. Жүрек-қан тамыр ауруларын, инсульт қаупін тудыруы мүмкін. Ерлер мен әйелдер арасындағы жыныстық жағдайына да кері әсерін тигізеді.

Қант диабеті ауруы инсулинге тәуелді және инсулинге тәуелсіз болып екі түрге бөлінеді:. Инсулинге тәуелді түрі балалар мен жастарда кездесетін диабет инсулиннің бездік жетіспеушіліген дамиды. Қанда инсулиннің мөлшері аздап қана төмен немесе тіпті қалыпты деңгейде бола береді. Сырқаттар қанша тамақтанып, әлденсе де арып-азып, жүдейді. Инсулинмен емделмеген жағдайда кетоацидоз дамып, адамның өліміне дейін жеткізеді.

Инсулинге тәуелсіз түрі жасы ұлғайған, көбінесе қарт адамдарда кездеседі. Сырқаттарда семіздік байқалады және кетоацидоз дамымайды. Қант диабеті балаларда өте ауыр түрде өтеді және бірден екпінді түрде басталады. Аурудың белгілері біліне салысымен білікті эндокринолог маманына көрсетіп, асқындырып алмау өте маңызды. Қатты асқынулар туындаған жағдайда бала комаға түсуі ықтимал.

- аш қарынға алынған қан сараптамасы 6,1 ммоль/л асса;
- глюкозотолеранттық тест жасау кезінде қант мөлшері 11,1 ммоль/л жоғары болса;
- қанда глюкозалы гемоглабиннің мөлшері артса;
- несепте қант немесе ацетон анықталса, диагноз қойылады.

Қандағы қант мөлшерлемесі 3,3-тен 5,5 ммоль/л-ға дейін қалыпты болып саналады. Егер бұл көрсеткіш 5,5-тен 6 ммоль/л-ға дейін болса алдын-алу қажет. Бұл жағдайда ауруды қоздыратын факторлардың әсерін барынша азайту және тамақтану әдеттерін қайта қарау қажет. Бұл қант диабетін дамытуды тоқтатуға көмектеседі. Екінші түріндегі қант диабетімен ауыратындар қант жеуден бас тартуы, тұтынылған тағамдардың калориясын төмендетулері қажет. Тамақ дәрумендерге бай болуы тиіс. Емдік тамақтанудың барлық қағидаларын қатаң ұстану зат алмасудың барлық түрлерін қалыпқа келтіреді және өмірге қауіпті асқынулардың дамуына жол бермейді.

**Охунжан КУРИШБАЕВ,**
**№2 отбасылық денсаулық орталығының меңгерушісі.**

## Иман

# ЖҮРЕК ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

***Ең әуелі бізді мұсылман үмметінен еткен, бізге әр сәт қаншама нығметке бөлеп отырған Аллаға сансыз мақтаулар мен мадақтар болсын! Мінезі көпке үлгі болған сүйікті Елшімізге (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шексіз салауаттар мен сәлемдер болсын!***

Жалпы, жүрек – имандылық пен күпірліктің мекені, яғни жүрек – басқарушы орталық. Егер жүрекке иман ұяласа, адамның бойында имандылық, көркем мінез-құлық көрініс табады. Ал жүректі күпірлік мекен етсе, адамның бойында имансыздық пен жаман қасиеттер пайда болады. Сахаба Әбу Һурайра (Алла оған разы болсын) былай дейді: «Жүрек – патша. Ағзалар оның әскері. Егер патша жақсы болса, әскері де жақсы болады. Ал егер патша нашар болса, әскері де нашар болады». Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Назар аударыңдар! Адам денесінде бір бөлік ет бар. Егер ол түзу болса, бүкіл дене дұрыс болады. Ал егер ол бұзылса, бүкіл дене бұзылады» деп ескертуі де адам баласы үшін жүректің өте маңызды екендігін аңғартады.

Жалпы адам баласының жүрегін рухани тұрғыдан алғанда төмендегідей топтарға бөлуге болады. Олар:

1. Саужүрек. Құран Кәрімде былай делінеді: «Ол күні (қиямет күні) мал да, бала-шаға да пайда бермейді. Тек, кім Алланың құзырына сау жүрекпен келсе, сол адам ғана пайда табады» (Шұғара сүресі, 88-89 аяттар). Аятта айтылып өткен «сау жүрек» сөзінің мағынасын алғашқы буын ғалым өкілдері «күпірлікпен күнәһарлықтан аман», «ширк пен шүбәдан арылған», «Алланың Хақ екендігіне, қияметтің күмәнсіз болатындығына және өлгеннен кейін қайта тірілуге иман келтірген», «түрлі рухани дерттерден айыққан» және «жаман мінез-құлықтан арылып, көркем мінез-құлықпен безенген жүрек» деп түсіндірген.

2. Мойынсұнған жүрек – жүзін әрдайым жаратушы Аллаға қарай бұрып, өткінші дүниелердің бұғауынан құтылған, шынайы ықыласпен Раббысына мойынсұнатын жүрек. Құран Кәрімде бұл жайында былай деп баяндалады: «Міне, сендерге уәде етілген жәннат! Ол Аллаға қарай жан-тәнімен бет бұрған, әмірлеріне мойынсұнған, көрмесе де Рахманнан қорыққан және «қалбунмунибпен» (Аллаға беталған жүрекпенен) келген пенделерге арналған» (Қаф сүресі, 32-33 аяттар).

3. Орныққан жүрек. Бұл – мүминнің санасын кеміріп, көкейіне түрлі арам ой салып, мазасын қашыратын уәсуәсә-азғырулардан құтылып, тыныштық тапқан, яғни, нық иман орныққан жүрек. Яғни, «айнал-яқин» дәрежесіне жеткен жүрек. Құран Кәрімнің бір жолы – Алланы еске алып, зікір ету. Бұл Құранда анық түрде баяндалған. «Біліп қойыңдар! Жүректер тек Алланы зікір етумен ғана орнығып, тыныштық табады» (Рағыд сүресі, 28-аят).

4. Қатайған жүрек. Ислам ғалымдары жүректің қатаюын «жүректің ақиқатқа бас ұрудан және Алланың аяттарын түсінуден ұзақ тұруы», «уағыз-насихаттарға құлақ аспай, жалғанға бой алдыруы» және «имансыздықпен күнә істеуде шектен шығып, қасарысуы» деп түсіндіреді. Құранда былай делінеді: «Алланы еске алуда жүректері қатайған пенделерге қандай өкінішті. Олар ашық адасуда» (Зүмәр сүресі, 22-аят).

5. Өлі жүрек. Бұл – Құран Кәрімнің терең мағыналы әрі ғибратқа толы аяттары мен Хазірет Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тағылымы мол уағыз-насихаттарынан ғибрат алмайтын, сезініп, әсерленбейтін жүрек. Мұндай жүрек Құран Кәрімде «мөр басылған жүрек» деп сипатталады. Бұл Алла Тағаланың ескертулеріне құлақ аспайтын, көкірек көздері көр болғандықтан ақиқатты көре алмайтын адамдардың жүрегі. Құран Кәрімде Алла Тағала былай дейді: «Расында кәпірлерді ескертсең де, ескертпесең де бәрі бір (ескерту оларға пайда бермейді). Олар иман келтірмейді. Алла олардың жүректері мен құлақтарына мөр басып, бекітіп тастаған. Көздерінде де перде бар» (Бақара сүресі, 6-7 аяттар).

6. Ауру жүрек. Қасиетті Құранда былай айтылған: «Олардың жүректерінде ауру бар. Алла олардың ауруын күшейте түседі» (Бақара сүресі, 10-аят). Ислам ғалымдары жүрек ауруларын итиқади және ахлақи тұрғыдан екіге бөліп қарастырады. Осыған байланысты имансыздық, екіжүзділік, ортақ қосу, надандық және күмән келтіру сынды иманға қатысты адастыратын әрекеттерді «итиқади сырқаттар» деп, алшәһуаттың құлы болу, күнә істеу құмарлығы, қорқақтық, сараңдық, риякерлік, тәкаппарлық, кектену, көреалмаушылық және дүниеқұмарлық сынды жағымсыз қасиеттерді «ахлақи сырқаттар» деп түсіндірген. Бұл сырқаттар имансыз, екіжүзді және нәпсісінің жетегінде жүрген кейбір мұсылман пенделердің жүректерінде болады. Жүректің сырқаты өткінші. Өйткені, алғашқы кезде ешқандай жүректе ауру болмайды. Сол себепті, жүректегі кез-келген сырқаттан Алланың жәрдемімен айығуға болады.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде адам баласы қияметте жауапқа тартылғанда Алла Тағала оның түр-әлпеті мен дене бітіміне емес, жүрегі мен амалына қарайтындығын баяндайды. Сондықтан, ешбір мал да, жан да пайда бере алмайтын сол бір ұлы күнге сау жүрекпен баруды Алла Тағала барша мұсылман пендеге нәсіп еткей!

**Бауыржан АМАНГЕЛДІҰЛЫ,**
**Балмағанбет БАЛҚЫБАЙҰЛЫ мешітінің ұстазы.**

## Құрметті қала тұрғындары!

Ағымдағы жылы қала бойынша қылмыстың 15%-ға (228-ге қарсы 263) өскені байқалады. Бұл ретте аса ауыр қылмыстар саны 9-дан 16-ға дейін немесе 77%-ға артты. Кісі өлтіру (5 қарсы 2), зорлау (6 қарсы 2), 16 жасқа толмаған адамдармен жыныстық қатынас (3 қарсы 0), ұрлық (108/92), алаяқтық (54/43), тонау (10/4) деректері көбеюде. Барлық құқық қорғау органдарының күш-жігері қаладағы қылмыстардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге бағытталған. Бұл жұмыстың сәттілігі сізсіз мүмкін емес. Сіздің тәрбиеңіз, ұқыптылығыңыз, сақтығыңыз және барлық «жаманға» төзбеушілігіңіз зорлық-зомбылық, бұзақылық және басқа да қылмыстық көріністердің құрбаны болмауға көмектеседі. Өз мүлкіңіздің сақталуына шара қолданыңыз, оны қараусыз қалдырмаңыз, сіздің пәтерлеріңіздің есіктері мен терезелері сенімді жабылуы тиіс, бағалы заттарды көлікте сақтамаңыз. Осылайша сіз ұрлық мүмкіндігін жоясыз. Өзіңізді алдауға жол бермеңіз, бөтен адамдарға өзіңіздің дербес деректеріңізді және банк карталарының деректемелерін хабарламаңыз. Банк қызметкерлері немесе полиция қызметкерлері мұндай ақпаратты сұрамайды. Есіңізде болсын, мұндай істерде ешкімге сенім жоқ. Таныстарыңыз үшін өз атыңызға несие рәсімдемеңіз. Сақ болсаңыз, алаяқтар сізді алдай алмайды.

Балаларға ерекше назар аударуыңызды сұраймын. Балалар – біздің болашағымыз. Олардың өміріне қауіп төндірілмеуі керек. Олар зорлық-зомбылық пен азғындықтың құрбаны болмауы керек. Мұндай фактілерді жою қажет. Олардың жыныстық бостандығына қол сұғылмайды. Балаларды қараусыз қалдырмаңыз, олардың мінез-құлқы мен өмір салтын бақылаңыз. Баланың үлкен адамдармен, әсіресе әлеуметтік желілерде кездесіп, араласуына абай болу керек. Баланың әдеттегі мінез-құлқындағы кез-келген өзгерістер сізді алаңдатуы керек. Көп жағдайда баламен сырласу олардың мәселелерін ашуға және шешуге көмектеседі.

Балаларға бөгде адамдармен қарым-қатынаста, көшеде, жолда, суда және басқа да орындарда сақтық шараларын түсіндіріңіз.

**Т.ҚАРЖАСОВ,**
**Сәтбаев қаласының прокуроры, әділет кеңесшісі.**

## Уважаемые жители города!

В текущем году отмечается рост преступности по городу на 15%, или 263 преступления против 228 в прошлом.

При этом увеличилось количество особо тяжких преступлений с 9 до 16, или на 77 %.

Больше совершено убийств (5 против 2), изнасилований (6 против 2), половых сношений с лицами, не достигшими 16-летнего возраста (3 против 0), краж (108/92), мошенничеств (54/43), грабежей (10/4).

Усилие всех правоохранительных органов направлено на профилактику, выявление и пресечение преступлений в городе.

Успешность данной работы невозможна без вас. Ваша воспитанность, аккуратность, бдительность, осторожность и нетерпимость ко всему «плохому» помогут вам не стать жертвами насилия, хулиганств и других криминальных проявлений.

Примите меры к сохранности своего имущества, не оставляйте его без присмотра, двери и окна ваших квартир должны надежно запираться, не храните ценные вещи в автомобилях. Тем самым, вы исключите возможность краж.

Не дайте себя обмануть, не сообщайте посторонним свои персональные данные и реквизиты банковских карт. Такие сведения банковские сотрудники либо сотрудники полиции не запрашивают. Запомните, в таких делах доверия нет никому. Не оформляйте кредиты на своё имя для своих знакомых. Будьте бдительными, и мошенники не смогут вас обмануть.

Особое внимание прошу уделить детям. Дети – это наше всё. Их жизням ничто не должно угрожать. Они не должны быть жертвами насилия и разврата. Нужно искоренить такие факты. Их половая свобода неприкосновенна.

Не оставляйте детей без присмотра, контролируйте их поведение и образ жизни. Ребенок должен быть аккуратным при знакомстве с людьми старше его, тем более в социальных сетях. Любые изменения в обычном поведении ребенка должно вас настораживать. Во многом доверительные беседы помогают вскрыть и решить их проблемы.

Объясните детям меры предосторожности с посторонними, на улице, на водоемах и других местах.

**Т.КАРЖАСОВ,**
**прокурор города Сатпаев, советник юстиции**

## Тіл

# ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЙҒАҒЫ

***Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.***

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз – тәуелсіздік, егемендіксіз тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. Бұл тұста Елбасымыз «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп алдымызға айқын жол ашып берді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Осы тұста Елбасының «Қазақпен қазақ қазақша сөйлессін», – деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес.

Әр адамның азаматтық қасиеті өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен дейміз. Алайда, осыны ескермей орыс тілінде шұлдірлеп, қазақ тіліндегі әнді тыңдауды қор санап жүрген қазақ жастары қаншама. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейміз.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді жетік меңгерген мамандар барлық салада толық қамтамасыз етілді деуге әлі ертерек. Қай тұлғаның болса да жұмысқа қабылданар алдында мемлекеттік тілді білуі және іс қағаздарымен жұмыс жасай алуы туралы мәселелер ескерілер болса, біршама атқарылар шаралар өзінің оң шешімін табатыны сөзсіз.

Мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметте бірлі-жарым кісі ғана емес, барлық қызметкер білуге міндетті. Мемлекеттік тілді білмейтінге мемлекеттік қызметте орын жоқ. Ол бұл қызметке әлі дайын емес, оның өзі азаматы болып табылатын елдің Ата заңын, мемлекеттік тілін, ел иесі – ұлтты сыйлау сезімі оянбаған. Ол – шектеулі ғана қабілеттегі менмен адам. Ол бұл елді Отаным деп сезінбейді. «Уақыт керек» деген сөз – алдамшы сөз.

Өзгенің құлы емес, өз еліміздің ұл-қызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық.

**С.БУХАРОВА,**
**Сәтбаев қалалық сотының кеңсе меңгерушісі.**

## Поздравляем!

*Администрация и коллектив ТОО «Сәт Тазалық» поздравляют своих работников*

***Гулназ Базарбековну МАКАЖАНОВУ,***
***Айгуль Жаксылыковну БЕСИМОВУ,***
***Кадыра АЛЫПКАШОВА,***
***Марину Николаевну ПЕТУХОВУ,***
***Айжан Серикбаевну СЕЙЛОВУ***

*с днем рождения и желают крепкого здоровья, благополучия, добра, оптимизма, успехов. Пусть в жизни будет много улыбок, солнечного света и радости, а в доме живет счастье!*

## НАСЛЕДСТВО

- 2021 жылдың тамыз айының 08 күні қайтыс болған Зейнуллина Ажар Маратовнаның атынан мұралық істің ашылуына байланысты, барлық мүдделі тұлғаларды Сәтбаев қаласы, Абай көшесі, 41 үйде орналасқан нотариус М.А.Абикеноваға нотариалдық кеңсесіне келуін сұрайды, тел. 87771327809.

- 2022 жылдың мамыр айының 30 күні қайтыс болған Байбулова Жумакуль Баймагамбетовнаның атынан мұралық істің ашылуына байланысты, барлық мүдделі тұлғаларды Сәтбаев қаласы, Абай көшесі, 41 үйде орналасқан нотариус М.А.Абикеноваға нотариалдық кеңсесіне келуін сұрайды, тел. 87771327809.

- После смерти Тулеубаевой Айсулу Кожакановны, дата смерти 27.07.2020 года, открылось наследственное дело.
Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Абилевой А.И. по адресу: город Сатпаев, пр. академика К.Сатпаева, дом 115, кв. 19 телефон 3-46-77.

- После смерти Тулеубаева Бахита Садвакасовича, дата смерти 02.07.2022 года, открылось наследственное дело.
Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Абилевой А.И. по адресу: город Сатпаев, пр. академика К.Сатпаева, дом 115, кв. 19 телефон 3-46-77.

- После смерти Сайдельдиновой Гульжан Есенгельдиевны, умершей 17.10.1993 года, открыто наследственное дело.
Всем заинтересованным лицам обращаться по адресу: город Сатпаев, пр.академика Каныша Сатпаева, 115-39. Нотариус Кажмаганбетова А.Т., тел.3-38-35.

- После смерти Сатина Бурабая, умершего 29.04.2021 года, открыто наследственное дело.
Всем заинтересованным лицам обращаться по адресу: город Сатпаев, пр.академика Каныша Сатпаева, 115-39. Нотариус Кажмаганбетова А.Т., тел.3-38-35.

- После смерти Шагиевой Надежды Владимировны, умершей 23.01.2022 года, открыто наследственное дело.
Всем заинтересованным лицам обращаться по адресу: город Сатпаев, пр.академика Каныша Сатпаева, 115-39. Нотариус Кажмаганбетова А.Т., тел.3-38-35.

- После смерти Щербанюк Людмилы Ивановны, умершей 13.02.2022 года, открыто наследственное дело.
Всем заинтересованным лицам обращаться по адресу: город Сатпаев, пр.академика Каныша Сатпаева, 115-39. Нотариус Кажмаганбетова А.Т., тел.3-38-35.

- После смерти Кажекова Асата Жанатановича, умершего 26.02.2022 года, открыто наследственное дело.
Всем заинтересованным лицам обращаться по адресу: город Сатпаев, пр.академика Каныша Сатпаева, 115-39. Нотариус Кажмаганбетова А.Т., тел.3-38-35.

- После смерти Заики Валентины Викторовны, умершей 22.08.2011 года, открыто наследственное дело.
Всем заинтересованным лицам обращаться по адресу: город Сатпаев, пр.академика Каныша Сатпаева, 115-39. Нотариус Кажмаганбетова А.Т., тел.3-38-35.

- После смерти Есова Айтжана Дарибаевича, умершего 24.03.2022 года, открыто наследственное дело.
Всем заинтересованным лицам обращаться по адресу: город Сатпаев, пр.академика Каныша Сатпаева, 115-39. Нотариус Кажмаганбетова А.Т., тел.3-38-35.

- После смерти Танатовой Розы Саттаровны, умершей 28.03.2012 года, открыто наследственное дело.
Всем заинтересованным лицам обращаться по адресу: город Сатпаев, пр.академика Каныша Сатпаева, 115-39. Нотариус Кажмаганбетова А.Т., тел.3-38-35.

- После смерти Гатальского Василия Никифоровича, умершего 21.03.2022 года, открыто наследственное дело.
Всем заинтересованным лицам обращаться по адресу: город Сатпаев, пр.академика Каныша Сатпаева, 115-39. Нотариус Кажмаганбетова А.Т., тел.3-38-35.

## ХАБАРЛАМА
**(қоғамдық талқылау)**

«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС «Жыланды кенішінің Шығыс Сары-Оба кенішінің (пайдалану)», «Қоршаған ортаны қорғау» учаскесімен «Әкімшілік-абаттандыру кешені» жобасы бойынша 2022 жылғы 5 тамызда қоғамдық талқылаулар өткізетінін хабарлайды.

Әсер ету аумағы және қоғамдық тыңдаулар өтетін аумақ: Қарағанды облысы, Сәтбаев қаласы.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС. Өкіл: Айтмұханов С.Х., байланыс: тел. 8 (7102) 74-62-16.

Әзірлеуші: «Astel-K» ЖШС. Өкіл: Михайленко А.В., байланыстар: тел. +77016906269.

Жоба материалдары ecoportal.kz сайтында орналастырылған және олар орналастырылған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде https://ecoportal.kz сілтемесі бойынша пікірлер мен ұсыныстарға қол жетімді болады.

Ұсынылатын қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық талқылауларды өткізуді, сондай-ақ ұсынылатын қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін электрондық пошта арқылы сұратуға болады. мекенжайы: m.kenya@astel-k.kz – бас атқарушы директоры Кеня М.Н. немесе OOS too.ekofon@mail.ru әзірлеушілер бөлімі – Қадыров Қ.М. және телефон нөмірі +77762793919.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ
**(публичные обсуждения)**

ТОО «Корпорация «Казахмыс» сообщает, что проводит публичные обсуждения по проекту «Административно-бытового комплекса шахты Восточная Сары-Оба Жиландинского рудника (эксплуатация)» с разделом «Охрана окружающей среды» с 5 августа 2022 года.

Территория воздействия и территория, на которых будут проведены общественные слушания: Карагандинская область, г. Сатпаев.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация «Казахмыс». Представитель: Айтмуханов С.Х., контакты: тел. 8(7102) 74-62-16.

Разработчик: ТОО «Астел-К. Представитель: Михайленко А.В., контакты: тел. +77016906269.

Материалы проекта размещены на сайте: ecoportal.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылкеhttps://ecoportal.kz.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно по эл. адресу: m.kenya@astel-k.kz – ГИП Кеня М.Н. или разработчика раздел OOCtoo.ekofon@mail.ru – Кадыров К.М. и номеру телефона +77762793919.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Сәтбаев қаласында кресло-арбамен және жеке көмекшінің қызметтерімен қамтамасыз етуде көрсеткіштері бар, қозғалысында қиындықтары бар 1, 2 топтағы мүгедек адамдарды қолдау бойынша қосымша шара болып табылатын инватакси қызметі бар екенін хабарлаймыз.

Инватакси қызметін алу үшін мүгедектігі бар адамдар «Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сіне келесі құжатарды өткізу қажет:

1. Өтініш;
2. Жеке куәлігінің көшірмесі;
3. Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;
4. Мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі.

Мекен жайымыз: **Сәтбаев қаласы, Наурыз көшесі, 148 үй, 9 кабинет, байланыс телефоны: 3-39-58.**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

В городе Сатпаев функционирует служба инватакси, которая обслуживает лиц с инвалидностью, являющаяся дополнительными мерами по поддержке лиц с инвалидностью 1, 2 группы, имеющих затруднения в передвижении, имеющих показатели в обеспечении услугами кресла-коляски и индивидуального помощника.

Для получения услуги Инватакси, лицам с инвалидностью необходимо предоставить в ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Сатпаев» следующие документы:

1. Заявление;
2. Копия удостоверения личности;
3. Заключение врачебно-консультационной комиссии;
4. Копия справки об инвалидности.

Адрес: **город Сатпаев, улица Наурыз, дом 148, кабинет 9, контактный телефон: 3-39-58.**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат Министрлігінің ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
**Куәлік №12372-Г 28.03.2012ж.**

**Құрылтайшы: «Байлық Инновация» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.**

Редакция газеты «Шарайна»
БИН 050440002633, ИИК KZ718560000000005311
БИК KCJBKZKX, КБЕ 17
Жезказганский филиал
АО «БанкЦентрКредит» г.Жезказган.

**Директор-бас редактор – ИЛЬЯСОВА Нурия Анварбековна**

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Сәтбаев қаласы, Мәңгілік ел, 21А, кв. 1А. Телефон: 3-47-15, факс: 3-33-62, электронды пошта: sharaina2002@mail.ru.**

Редакция 14 қаріппен терілген 2 компьютерлік беттен асатын мақалаларды қабылдамайды

Редакция не принимает материалы объемом свыше двух напечатанных на компьютере листов

*Көлемі – 2 б.т.* *Таралымы – 1000* Тапсырыс – 1241 *Газетті жеткізіп беру: / Доставка газеты: тел.: 3-47-15*

*Газет «Шарайнаның» компьютер орталығында теріліп, беттелді.*
*«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспанаханасында басылды.*

*** Газеттің басылу сапасына баспахана жауап береді.**
Ответственность за качество печати несет типография.
*** Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.**
Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции.
*** Мақалалардың нақтылығына автор жауапты.**
За достоверность материалов ответственность несет автор.
*** Жарнаманың дұрыстығына жарнама беруші жауапты.**
Претензии по рекламе предъявлять рекламодателю.
*** Қолжазбалар қайтарылмайды** – Рукописи не возвращаются
**Газет аптасына 1 рет шығады** – Газета выходит 1 раз в неделю
***Материал ақылы** Ⓐ Материал платный.